

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 236 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 11 мамырдағы № 57 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 021/2011) техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі және зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы" 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 236 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім 2023 жылғы 25 шілдеден бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 11 мамырдағы
№ 57 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 236 шешіміне енгізілетін өзгерістер

1. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 021/2011) техникалық

регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесінде:

а) 405-позиция алып тасталсын;

б) мынадай мазмұндағы 606¹¹-позициямен толықтырылсын:

"

606 ¹¹		"Шоколад. Жалпы техникалық шарттар" МемСТ Р 70337-2022	
-------------------	--	---	--

"

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі мынадай мазмұндағы 639 – 652-позициялармен толықтырылсын :

"

639		МЕМСТ 5479-64 "Өсімдік майлары және табиғи май қышқылдары. Сабынданбайтын заттарды анықтау әдісі"	
640		МЕМСТ 31681-2012 "Кондитерлік өнімдер. Сүт қосылған шоколад өнімдеріндегі құрғақ майсыз сүт қалдықтарын анықтау әдісі"	
641		МЕМСТ 31682-2012 "Кондитерлік бұйымдар. Шоколад өнімдеріндегі жалпы құрғақ какао қалдықтарының құрамын анықтау әдістері"	
642		МЕМСТ 31722-2012 "Кондитерлік бұйымдар. Шоколад өнімдеріндегі сүт майының мөлшерін анықтау әдісі"	
643		МЕМСТ 31723-2012 "Кондитерлік бұйымдар. Шоколад өнімдеріндегі	

		кұрғақ майсыз какао қалдықтарының құрамын анықтау әдісі"	
644		МЕМСТ 31902-2012 "Кондитерлік бұйымдар. Майдың массалық үлесін анықтау әдістері"	
645		МЕМСТ 34604-2019 "Какао өнімдері. Какао бұршақтарының қабығын (какаофелла) және тұқымын (өскінін) анықтау әдістері"	
646		МЕМСТ ISO 11053-2015 "Өсімдік тоңмайлары мен майлары. Сүт шоколадындағы какао майының баламаларын анықтау"	
647	11-қосымша	МЕМСТ ISO 23275-1-2020 "Жануарлар мен өсімдіктердің тоңмайлары мен майлары . Какао майы мен шоколадтағы какао майының баламалары. 1 бөлім. Какао майының баламаларын анықтау"	
648		МЕМСТ ISO 23275-2-2020 "Жануарлар мен өсімдіктердің тоңмайлары мен майлары . Какао майы мен шоколадтағы какао майының баламалары. 2 бөлім. Какао майының баламаларын сандық анықтау"	
649		МЕМСТ Р ИСО 23275-1-2013 "Жануарлар мен өсімдіктердің тоңмайлары мен майлары . Какао майы мен шоколадтағы какао майының баламалары. 1 бөлім. Какао майының баламаларының болуын анықтау"	01.01.2024 дейін қолданылады
		МЕМСТ Р ИСО 23275-2-2013 "Жануарлар мен өсімдіктердің тоңмайлары мен майлары	

650		. Какао майы мен шоколадтағы какао майының баламалары. 2 бөлім. Какао майының баламаларының санын анықтау"	01.01.2024 дейін қолданылады
651		СТБ ISO 23275-1-2009 "Жануарлар мен өсімдіктердің тоңмайлары мен майлары . Какао майы мен шоколадтағы какао майының баламалары. 1 бөлім. Какао майының баламаларының болуын анықтау"	01.01.2024 дейін қолданылады
652		СТБ ISO 23275-2-2009 "Жануарлар мен өсімдіктердің тоңмайлары мен майлары . Какао майы мен шоколадтағы какао майының баламалары. 2 бөлім. Какао майының баламаларын сандық анықтау"	01.01.2024 дейін қолданылады

".